

## Лицензияны кері шақырып алу жөнінде

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Шешім N 14 25.01.1999 ж. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1999 ж.02.18. N 56 тіркелінді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011 жылғы 25 тамыздағы N 20 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011.08.25 N 20 Шешімімен**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауын пайдалану туралы", Заң күші бар 27.01.96 ж. N 2828 U962828\_ Жарлығының 40 бабы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысының жаппай таралған пайдалы қазба орындарында жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу құқына контракттар жасау мерзімі туралы лицензия шарттарын бұзуларына байланысты облыс әкімі шешім ш ы ғ а р д ы :

1. Лицензиялар кері шақырылып ала отырып, "Стройматериалы" ӨКФ ЖШС-і, лицензия номері С-06-37, 2.06.96 ж. Ақжар ауданындағы /Сол жақ жағалық телім/ Дәуіт атқарылған жыныстық кен орнын, "Әйгерім" ЖШС-і, лицензия номері С-06-37, 2.06.96 ж. Уәлиханов ауданындағы Чехов-1 құрылыстық тастар кен орнын, "ЦГХК" ТХК-ның /г 3 кен басқармасының/ өнеркәсіптік құрылыс материалдары және металл бұйымдарының Заозерное басқармасы, лицензия номері С-06-003, 26.01.95 ж. Еңбекшілдер ауданындағы Көксор әк /известь/ кен орнын пайдалану құқықтарынан айырылсын.

2. Жер қойнауын пайдалану және тау-кен өнеркәсібі комитеті /Мырзағұлов Ж.К./ бір айлық мерзімде лицензияларды қайтарып алсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауы облыс әкімінің орынбасары А.Ф.Вербнякқа жүктелсін.

Солтүстік Қазақстан  
облысының әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК